



7 қыркүйек 2016 ж.

сәрсенбі

№97 (18459)

● ТУҒАН ЖЕРДІҢ ТҰЛҒАЛАРЫ



Ахаңның әлемін әспеттеген

ЕСКЕРТКІШ ӘУЛИЕКӨЛДЕ БОЙ ТҮЗЕДІ

Қарлығаш
ОСПАНОВА

Әулиекөл төрінен алаштың ардақты ұлы, қара қазақтың қамын жеген ұлт көсемі Ахмет Байтұрсыновқа арналған ескерткіш ашылды. Биіктігі 4 метрден асатын ескерткіштің

авторы Аманкелді, Ыбырай сияқты көптеген тау тұлғалардың бюстін сомдаған белгілі мүсінші Әбілбек Ұзақов. Жергілікті биліктің қолдауымен, Ахан ұрпақтарының қаржылай көмегінің арқасында бой түзген ескерткіштің салтанатты ашылуына облыс әкімі

А.Мұхамбетов, мемлекет және қоғам қайраткері Кенжеғали Сағадиев, ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің жауапты хатшысы Қуатжан Уәлиев және басқа да өлімізге белгілі ғалымдар мен жергілікті зиялы қауым өкілдері қатысты.

2-бет



Шығасы шықпай, кіресі кірмейді

Қымбат
ДОСЖАНОВА

Кеше облыс әкімі Меңдіқара және Ұзынкөл аудандарына арнайы іссапармен барып қайтты. Астықты аудандардың ау-жайымен танысқан аймақ басшысы диқан-дар қауымымен жүздесіп, биылғы егін орағының барысымен танысты. Архимед Мұхамбетов табан тіреген аудандарда егін бітік

шыққан. Жер емген жамағаттың техникасы сай. Жанар-жағар майы да толық жеткілікті. Күн райы бұзылмаса, межелі уақытта егінді жиып алмақ ниетте.

Аудандағы көптеген шаруа қожалықтары әлі күнге дейін кеңес заманынан қалған техникамен жүр. Жиі бұзылатын темір тұлпарлар егін орағына кері әсерін тигізіп жататыны жасырын емес. Осыны ескерген аймақ басшысы жер тырмап, нәпақасын

айырып жүргендерге өнімді есе-леу үшін, ауылшаруашылық тех-никаларын жаңарту қажеттігін тілге тиек етті. Сондай-ақ, сапасы жоғары, жаңа сұрыпты дөңді да-қылдарды айналымға енгізуге ке-ңес берді. Ауылшаруашылық са-ласындағы түйткілді мәселелерді көтерген Архимед Бегежанұлы өзге де келеңсіздіктерге тоқталып өтті. Бұл жайында толығырақ га-зетіміздің алдағы санынан оқи аласыздар.

100
80
60
40
100
80
60
40
100
80
60
40
Синий
Красный
Жасыл
Черный

Отбасы – қоғамның іргетасы

Қымбат
ДОСЖАНОВА

Қостанай облысында "Отбасын қолдау апталығы" акциясы басталды. Бұл туралы "Нұр Отан" партиясы облыстық филиалында өткен баспасөз-конференциясында айтылды. Қалалық білім бөлімінің өкілі Наталья Величко, партияның облыстық филиалы саяси жұмыс жөніндегі бөлім меңгерушісі Абылай хан Көкенов және облыстық аналар кеңесінің төрайымы Лилия Саркисян апталық аясында ұйымдастырылатын іс-шаралармен таныстырды.

ҚР Президентінің 2013 жылғы 1 наурыздағы Жарлығымен қыркүйектің екінші жексенбісі елімізде Отбасы күні деп бекітілген болатын. Аталмыш мерекеге орай "Нұр Отан" партиясы ҚОФ апталық ұйымдастырмақшы. Жоспарға сай, 5-10 қыркүйек аралығында "Бақытты балалық шақ" партиялық жобасы аясында әртүрлі іс-шаралар өтпек.

Апталық аясында психологтар, заңгерлер, әлеуметтік қызметкерлер тегін кеңестер беріп, "Тұрғын үй құрылыс жинақ банкінің" өкілдері жас отбасыларға баспана алудың жолдарын түсіндірмек. 7 қыркүйек күні отбасы мәселесіне қатысты бірыңғай қабылдау күні өтеді. Кез келген қостанайлық партияның кеңес беру орталықтарына жазыла алады. 8 қыркүйекте Жаңбыршиндер әулеті қаладағы жас отбасылармен кездеседі. Жаңбыршиндер отбасы 2014 жылы "Мерейлі отбасы" ұлттық байқауының облыстық кезеңінде жеңіске жеткен болатын.

– Отбасы күнін атап өтуге "Нұр Отан" партиясы ҚОФ белсенді түрде қатысып келеді. Осы мақсатта жергілікті жердегі ҰЕҰ-дар, мемлекеттік мекемелермен бірлесе жұмыс істеп келеміз. Биыл заңды және психологиялық кеңес беруге аса мән беріп отырмыз. Қазіргі күні қоғамдық қабылдауға төрт отбасы жазылды. ҚМУ, ҚМПИ сияқты жоғары оқу орындарында әртүрлі іс-шаралар жоспарланған, – деді "Нұр Отан" партиясы ҚОФ саяси жұмыс жөніндегі бөлім меңгерушісі Абылайхан Көкенов.

Мерекеге орай қалалық білім бөлімі "Қайырымдылық керуені" акциясы шеңберінде аз қамтылған отбасылардың немесе ауыр науқасқа шалдыққан балаларға оқу-құралдары беріледі. Отбасындағы психология пәні бойынша облыс мектептерінде түрлі іс-шаралар жоспарланған. 10 қыркүйек күні барлық мектептерде жалпы ата-аналар жиналысы болады.

– Отбасы – біздің әр саладағы жетістіктеріміздің негізі, бастау көзі. Баланың өмірге, қоршаған ортаға деген көзқарасы отбасындағы тәрбиеге байланысты қалыптасады. Елбасы Рио-2016 олимпиадасының жүлдегерлерін марапаттау рәсімінде жеңіл атлетші Ольга Рипакованың қола жүлдесін алтынға теңеді. Себебі, спортшы Рио олимпиадасына дейін балалы болды. Сондай-ақ олимпиадада ел үмітін ақтады. Жастар ең бірінші орынға отбасыны қою керектігін түсінсе екен, – деді облыстық аналар кеңесінің төрайымы Лилия Саркисян.

СУРЕТТЕ: баспасөз-конференциясынан көрініс.

● ТЕРРОРИЗМ – КЕСАПАТ

Тұрғындар үйлерінен шығарылды

Қуаныш
ЕСҚАБЫЛ

4 қыркүйек түнгі 23.00 шамасында Рудный қаласы Ленин көшесінде орналасқан №70 үйге терроризмге қарсы шұғыл әрекет ету штабының қызметкерлері келіп, жарылғыш зат болуы мүмкін деген күдікпен тұрғындар сыртқа шығарылды. Кейін саперлер мен қызметтік иттер көпқабатты ғимаратты тінтуге кірісті. Тұрғындардың айтуынша, алдымен тәртіп сақшылары үйдің подвезінде террористік мазмұндағы парақшаларға тап болған.

– Бүгінде тұрғындар уақытша туысқандарының үйін паналауда. Біз үйді түгел тексеріп шыққаннан кейін оларға өз үйлеріне қайтып оралуға рұқсат береміз. Тұрғындардан келтірілген қолайсыздықтар үшін кешірім сұраймыз және түсіністікпен қарауға шақырамыз, – дейді Рудный қалалық ІІБ орталық жедел басқару орталығының басшысы Асқар Оразбаев.



Ахаңның әлемін әспеттеген

1-бет

Ең алғашқы болып сөз алған облыс әкімі Архимед Бегежанұлы ел тәуелсіздігінің мерейтойы қарсаңында әрі ұлт көсемінің туған күнінде осындай еңселі ескерткіш мүсіннің бой көтергендігіне өз ризашылығын білдірді.

– Ахаңның артынан ерген ұрпақтары және біздің ортамызда жүрген сыйлы азаматтардың көмек-қолдауының арқасында бүгін міне баршамыз осы ортақ қуанышқа жетіп отырмыз. Ақын, ғалым, түркітанушы, публицист, аудармашы, қоғам қайраткерінің еліміздің тарихында алатын орны ерекше. Қазақ оқушыларының бірнеше буыны өз сауаттарын Байтұрсыновтың әліпбиімен ашып, ана тілін оның тіл құралы арқылы оқып-үйренді. Ол қазақ ауыз әдебиетінің үлгілерін жинап, жарыққа шығаруда зор еңбек сіңірді. Алаш қозғалысының көшбасында жүріп, халқымыздың, еліміздің тәуелсіздігі үшін аянбай күресті. Бүгінде Алаш қайраткерлерінің арманы орындалып, біз егемен елде өмір сүру бақытына ие болып отырмыз. Қазіргі таңда еліміздің әр өңірінде алаш ардақтысының есімімен аталған оқу орындары мен көшелер бар. Қостанай қаласында да алып ескерткіші тұр. Бұл – ұлтым деп ұлы іс жасаған жерлесімізге бүгінгі күні жасалып жатқан құрметтің нышаны, – деді облыс әкімі А.Мұхамбетов.

Салтанатты шарада сөз алғандардың бәрі де көмеңгер қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсыновтың қазақ халқының ұлт ретінде қалыптасуына қосқан еңбегі жайлы ғибратты әңгімелер айтып, ұйымдастырушыларға зор алғыстарын жаудырды.

– Тәуелсіздік алғаннан кейін жоғымызды түгендеп, өткенімізді

зерделеп, деректерді жинау өте қажет болды. Өткенімізді білмей, болашаққа нық қадам басу қиын нәрсе. Өзінің Ұлытаудағы сұхбатында Елбасымыз тарихын білмеген жұрттың болашағы бұлыңғыр деген салмақты ой, ұлағатты сөз айтқан еді. Сондықтан да, бүгінгі А.Байтұрсыновтың ескерткішінің ашылуы біздің рухани, мәдени өміріміздегі маңызы зор оқиғалардың бірі. Алаштың ардақты ұлы Ахаңның есімін ұлықтау еліміз үшін үлкен шара болды. Барлық елді-мекендерде, қалаларда көшелер мен білім ошақтарына есімі берілді. Сол айрықша оқиғалардың бірі – 2001 жылы Қостанай қаласында Елбасымыздың қатысуымен А.Байтұрсыновқа арналған ескерткіштің ашылуы. Осындай ізгі шаралар әлі де жалғасын таба береді. Бүгінгі болып жатқан шара өткенімізді еске алып, болашағымызды түзетуге нақты қадам болатынына, жас буынға ұлы бабамыздың ісі, өмірі өнеге болатынына нық сенеміз, – дейді ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің жауапты хатшысы Қ.Уәлиев.

Мұнан кейін облыс әкімі А.Мұхамбетов пен академик Кенжеғали Сағадиев және Ахаңның ұрпағы Қазымбек Спанов ескерткішті ашып, жиналған қауым гүл шоқтарын қойды. Еңселі ескерткіште Ахаңның туған жылы әдеттегідей 1873 жылдың 28 қаңтары емес, 1872 жылдың 5 қыркүйегі деп жазылған екен. Өйткені, ұлт көсемі кезінде өз қолымен толтырған қызметтік анкетасында туған жылын дәл осылай көрсеткен көрінеді. Сондай-ақ, ескерткіштің Әулікөлде ашылуының да өзіндік себебі бар. Тарихи деректерге жүгінсек, 1895 жылы А.Байтұрсынов ал-

ғаш ұстаздық жолын осы өңірде бастаған. Сондықтан, аудан орталығында ұлт көсеміне ескерткіш тұрғызу туралы бастаманы Ахаңның ұрпақтары көтерген екен.

Ескерткіштің ашылу салтанатынан кейін жиналған жамағат аудандық мәдениет үйіндегі көрмені тамашалады. Онда Жанкелдин ауданындағы А.Байтұрсынов мұражайынан әкелінген жәдігерлер қойылған. Мұнан соң шараға алыстан ат терлетіп арнайы келген зиялы қауымның қатысуымен "Ахмет Байтұрсынов және Мәңгілік ел мұраты" атты республикалық ғылыми-практикалық конференция өтті. Конференцияның мақсаты – А.Байтұрсыновтың өміріндегі деректер мен шығармалары арқылы туған халқының ұлт ретінде қалыптасуына қосқан еңбегін таныту, қазақтың мүддесін қара басының қамынан артық қойған ұлтжандылық сипатын ашу, тіл ғылымына, баспасөзді дамытуға қосқан еңбегін таныту. Бұл тұрғыда белгілі академик Кенжеғали Сағадиев, Алматыдағы Ш.Уәлиханов атындағы тарих-этнография институтының директоры, тарих ғылымдарының докторы Хангелді Әбжанов, А.Байтұрсынов атындағы тіл білімі институтының директоры Мырзагелді Малбақов, А.Байтұрсынов мұражайының директоры Райхан Имаханбет, ҚМУ-нің ректоры Х.Уәлиев баяндама жасады. Ал, ақын Серік Тұрғынбеков Ахаң арнаған "Білімнің бәйтерегі" атты өлеңін оқыды.

Жиын соңында облыс әкімі А.Мұхамбетов қазақы дәстүрмен астаналық қонақтардың иығына шапан жапты. Соңынан ас беріліп, баба рухына дұға бағышталды.

● ҚОЛЖЕТІМДІ БАСПАНА

Кеншілер үйлі болмақ

Қуаныш
ЕСҚАБЫЛ

Кез келген адам отбасын құрғаннан кейін жеке баспанасы болғанын қалайтыны анық. Әсіресе, жастар үшін тұрғын үйлі болу – арман. Бірақ адамдардың бәрі бірдей оны сатып алуға қалтасы көтере бермейді. Сол себепті соңғы жылдары елімізде жалдамалы тұрғын үйлерді салуға көп назар аударыла бастады.

Сондай үйлердің бірі Қостанай облысы әкімдігі мен Еуразиялық Топ арасындағы меморандумға сәйкес Рудныйда да бой көтеріп келеді. Бас мердігері "Рудныйсоколқұрылыс" АҚ-нан бөлек кәріз, су және электр желілерін тартуға тағы да үш құрылыс компаниясы жұмылдырылған. Бүгінде 200-ге тарта жұмысшы ғимараттың іші-сыртын өрлеп, қасбетті жаңартуда.

– Құрылыс барлық қауіпсіздік және техникалық талаптарға сай жүріп жатыр. Алла қаласа, 1-қарашаға дейін аяқтап, кен алыбының кезекте тұрған 75 жұмыскеріне пәтер кілттерін табыстауды жоспарлап отырмыз. Баспана 20 жылға дейін жалға беріледі және барлық ай сайынғы төлемдер үйді сатып алатын кезде есепке алынатын болады. Қазақстан Ипотекалық компаниясы бекіткен жылдық сыйақы мөлшері 3,5 пайыз ғана. Бұл қазіргі нарықтағы ең тиімді ұсыныс, – дейді "ССКӨБ" АҚ капиталдық құрылыс бөлімінің басшысы Валерий




Полешко.

Качарская көшесінде орналасқан осы үйді толығымен жаңғыртуға 560 миллион теңге бөлінген. Қосымша 35 миллион теңге тұрғын үйдің аумағын қоршап, балалардың ойын алаңы мен футбол, баскетбол алаңдарын салуға жұмсалмақ.

"Үйі бардың күйі бар" демекші, мемлекеттік-жекеменшік әріптестік шеңберінде Еуразиялық Топ алдағы 1-2 жылдықта жұмыскерлерінің баспана мәселесін шешуге 2,2 миллиард теңге бағыттап отыр. Бұл қаржыға кеншілер қаласында тағы да 90 пәтерлік, Лисаков және Қашар елді мекендерінде 60 пәтерлік тұрғын үй салынбақ.

Рудный қаласы.

● 100 НАҚТЫ ҚАДАМ



Бір идея - тұтас тағдыр

Республика ретінде жаһанға өзімізді паш еткенімізге ширек ғасыр. Ендігі діттеген мұраттарға жету үшін тағы да тап осындай уақыт қажет. Себебі, біз әубастан мүддеге артық күш салусыз жедел жете қоятын парасатсыз жолмен емес, ұлттың ықыласы мен заманауи тенденцияға сай бағытпен жүруді хош көрдік. Еңсесін енді ғана көтерген жұрттың тоқмейілсімей, тәуелсіздіктің тұрақтылығы жолында табанды еңбек етуі керектігін Елбасымыз да бізге жіті түсіндіріп келеді. Жарғылар мен жоспарлар бекіді. Бұл тұрғыда тарихы терең әрі тақсиретке толы ұлттан біртұтас мемлекет жасаудың екпінді тәжірибелері ескерілді. Ол қилы әрі күрделі заман тұсында халықты еліктіре білген әрі елдің жетістіктерінің негізіне айналған ұлттық идеялар еді. Біз олардың бірталайынан шабыттана отыра, өз идеологиямызды жасап шығардық. Әлбетте ол "Қазақстан-2050" Стратегиясы және кейінгі "100 нақты қадам" Ұлт жоспары. Оларға тек қана құжат ретінде қарау әбестік. Себебі онда жұртымыздың тағдыры жатыр. Оларды әзірлеу барысында өзге елдердің ұлттық пәлсапалары үлгі ретінде алынды. Мәнісі, өткеннен сабақ алып, оның ғұмырлы тұстарына талдау жасау. Бір-екеуінің тарихына көз жүгіртіп көрелік.

Талай уақыт ағылшындардың отары болған үнді халқы азат болуды аңсады. Алайда жоқшылық әбден жүдеткен жарлы жұрттың қанауға қарсы тұрар қауқары болмады. Бұл жағдайды жақсы түсінген, кейіннен ерліктері үшін қаһарман атанған Махатма Гандидің ұлтты ұйыстыра білген "Сатьяграха" философиясы, үнділерге тәуелсіздік әперіп қана қоймай, олардың рухтарына серпіліс жасады. "Ақиқатқа ұмтылу" мағынасын беретін бұл бастама ешкімге зорлық көрсетпеу, қиындықтарға шыдау, қару қолданбау әрі қарсыласты одақтасқа айналдыру шарттарына негізделді. Миллиондаған халықты бір мақсатқа жұмылдырған Ганди мен оның жақтастары барлық тұрғыда бостандыққа талпынды. Әуелі ағылшын тауарларын сатып алудан бас тартып, өз бұйымдарын жасап шығаруды қолға алды. Осылайша өздерін-өздері қамтамасыз етуді үйренді. Талай рет тепкіге ұшыраса да заңды мүлде бұзбауға тырысты. Ел тұрғындары өздерін құл көрген билікпен қызметтес болмады. Басында бұл қылықтарын ағылшындар күлкі етті. Бірақ әрекеттің ұзаққа созылғандығына аң-таң болған әрі нәтижесінде сауда компаниялары зор шығындарға ұшыраған англиялықтар дал болып, ақыры Үндістанға егемендік берді. Расында бұл оқиғалар

ұлттың жігерін қайрау мен өзін-өзі тануға берілген мүмкіндік еді. Бүгінде әлем Индияны азат рухты мекен деп біледі.

ра қоғамды қайта құрып, "жаңа малайзиялықтарды" қалыптастыруды мақсат етті. Оған жету үшін жаңа экономикалық саясат әзірледі. Кейіннен ол "Келе-

Жалпы, ұлттық идея халықтың тіршілік етудегі тарихи мақсаты мен мәнін айқындау үшін қажет. Егер қазақстандықтар өздерінің бірегейлігін ұғынса, сана-сезім түрленіп, қоғамды одан әрі дамытуға деген ықылас пайда болары анық. Мәселен тек қана жапондарға тән ерекше сипаттарды білдіретін әрі олардың біртұтастылығын құрайтын идеялар кешені "Кокутай", күн шығыс елінің жаңғыруына ат салысты. Ол арқылы Жапон қоғамы батыс өркениетін меңгере отыра, өз жаңа мәдениетін құрды. Қоғамның санасына "сен дара-сың" деген қағиданы құйған пәлсапа, олардың өздеріне деген сенімдерін нығайта отыра, расымен дара болуларына жол ашты. Себебі халық оның баяндылығына сенген еді. Зер салсаңыз бұл тек қана идея. Санаға біткен ой. Біз де әр қазақстандықтың өз қадірін түсініп, "Мәңгілік елдің" тұрғыны болуын қалаймыз. Бәлкім біреу мәңгілік ештеңе болмайды дер. Тұрақсыз дүниеден тұрақтылық табу әлбетте қиын. Бірақ рухтың мәңгі екендігін әсте естен шығармаған жөн болар. Мысалы, ұлттың һәм алпауыт елдің рухы өшпейді. Мемлекет осы дүниелердің қоғамда ғұмырлы болуы үшін өз мойнына еркіндікті қамтамасыз ету міндетін алып отыр. Себебі заң сақтай отыра азат бола білген қауым еркін дами алады. Жұрттың жүйені жетілдіру мақсатында жұмыла білуі де үкіметтің жасап отырған жағдайларын қолдаумен тікелей байланысты. Саясат шаңырақ иелерінің жік-жікке бөлінбей, тең әрі кең болуын қалайды. Тиісінше әлеуметтік-экономикалық жағдайларды да бөріне бірдей етуге тырысуда. Занның үстемдігін қамтамасыз ету мұратын даму сатысының негізі етті. Бұдан бөлек, әр ұлыстың өз тамырын ұмытпауы үшін мәдениетін ұлықтауға құқық беріп отыр. Берілген азаттықтың көрешегін уақыт көрсетеді. Ал біз әзірге халықтың өз құқықтарының қорғалуына қаншалықты көңілдері толатындығын біліп көрдік. Өйткені халықтың бүгін берген бағасы ертеңге сабақ. Облыс тұрғындарына бірнеше сауалдар қойып, Стратегия мен нақты қадамдардың мүдделерінің әлеуетін бағамдадық. Сіз де өз тұжырымыңызды жасап көріңіз. Қорытындыларын инфографика түрінде назарларыңызға ұсынамыз.

Ұлт жоспарын орындай отырып, біз өзіміздің Ұлттың Өрлеу Дәуірінің көкжиектерін кеңейтеміз, өзіміз Тәуелсіздік жылдары ішінде қол жеткізген және бізге жаһандық даму берген барлық мүмкіндіктерді пайдаланамыз.

ҚР Президенті Н.Ә.НАЗАРБАЕВ.

Келесі мысал 1970 жылы ресми түрде ел идеологиясы деп жарияланған "Руку-негара" немесе мемлекетке адалдық туралы шарт жайлы. Ол Құдайға сену, елге адал болу, конституцияны сыйлау, заң сақтау ұстанымдарына сүйеніп, көп нәсілді қауымның ынтымағын нығайтуға үндеді. Жоба бекітілген соң, үкімет реформалардың ұзақ мерзімді бағытын жүргізуді бастады. 1990 жылдарға дейін барлық ұлттардың басын біріктіре оты-

шек 2020" атауымен тұтас бағдарламаға айналып, экономикасы дамыған мемлекет қатарына қосылу мүддесін көздеді. Малайзия қазір де бұл мұраттар жолында жұмыс жасауда. Бұл қауым ұрпақтың бойына құндылықтарды дарыта білген идеологияның арқасында өркендеп отыр. Бүгінде ол ұзақ мерзімді дамудың тұрақты механизмдерін қалыптастыруды іске асыра алған әлемдегі жетекші мұсылман елі.

АЗАМАТТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ФАКТІЛЕР

Сауалнамаға қатысқандардың

60%

қазіргі таңда барлық азаматтарға әлеуметтік табысқа жету үшін бірдей бастапқы жағдайлар жасалған деген пікірмен келіседі

Мемлекет кепіл беруі тиіс біршама маңызды құқықтар

Бірлестіктердің еркіндігіне берілген құқық	7%
Тұрғын үймен қамтамасыз етілу құқығы	17%
Кемсітушіліктен қорғалу құқығы	20%
Еңбекақының, зейнетақының ең төменгі деңгейіне ие болу құқығы, басқа да әлеуметтік қамтамасыз етулер	24%
Өз құқықтары мен бостандықтарын сот алдында қорғау құқығы, заң көмегін алу	31%
Тұлғаның дамуының мәдени құқықтары, білім алу, шығармашылықпен айналысу құқығы	31%
Барлық азаматтардың заң мен сот алдында тең болуы	34%
Табыс табу мақсатында қызмет ету құқығы	34%
Бірқатар жағдайларда мемлекеттен материалдық көмек алуды қамтамасыз ету	40%
Сайлауға, мемлекеттік шешімдерді қабылдауға қатысу, мемлекеттік қызметте болу	52%
Өмірге, денсаулыққа, сөз бостандығына және т.б. берілетін құқықтардың қамтамасыз етілуі	64%

Халықтың Қазақстан қоғамының құндылықтары ретінде егемендікті және демократияны қолдауы



Тұрғындардың 70%-дан астамы мемлекет олардың үміттерін ақтайды деп есептейді

Халықтың келесідей салалардағы құқықтарының сақталуы...

Білім беру қызметтерінің қолжетімділігі мен сапасында	75%
Жеке еңбек қызметінде және кәсіпкерлікте	56%
Әлеуметтік көмекпен және кепілдеммен қамтамасыз етуде	56%
Жұмысқа орналасуда және қызмет бабында жоғарылауда	55%
Тұрғын үй мәселелерін шешуде	50%
Денсаулық сақтау және дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуде	48%
Прокураторлық бақылауда және құқықтық қорғауда	58%
Ана тілін меңгеруде және мәдени мүдделерді қанағаттандыруда	63%
Істердің сот-прокураторлық жүйелерде қаралуында	57%

Респонденттердің Қазақстандағы мемлекеттік құрылымды қолдауы




Сымбат СМАҒҰЛ,
Инфографиканы жасаған
Темір ӘМІРОВ.

Сандық деректер "Қостанай таңының" әлеуметтік зерттеу орталығының мәліметтерінен алынды.

● 100 НАҚТЫ ҚАДАМ

СОТ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ТЫҢ СЕРПІН

ҚР ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясында ҚР-дағы қылмыстық сот төрелігін жетілдіруде Еуропалық кеңес жобасының аясында біліктілікті арттыру курсы басталды. Жоба жетекшісі Уильям Ирвайн, халықаралық сарапшы Бен Зенгеринг және Том Паттерсон академия ұжымымен кездесіп, екі апталық курстың мақсат-міндеттерін түсіндірді.



шылар әртүрлі тренингтерге қатысып, кәсіби даярлықтарын жетілдіретін болады.

– Аталған курс ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың "100 нақты қадам" Ұлт жоспарында көрсетіл-

**Қымбат ДОСЖАНОВА**

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі "100 нақты қадам" Ұлт жоспарында қазақстандық сот жүйесін жетілдіру мәселелеріне баса назар аудару туралы айтылған. Осы мақсатта шетелдік және халықаралық соттардың үздік тәжірибесін меңгеріп, еліміздегі сот жүйесінде пайдаланатын боламыз.

Ш.Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы "100 нақты қадам" Ұлт жоспарын жүзеге асыру бағытында, профессорлық-оқытушылық құрамға арналған оқыту курсын бастап кетті. Курстың мақсаты Қазақстанның қылмыстық-атқару жүйесі пробация қызметінің қызметкерлеріне сабақ жүргізуге қажетті мамандарды дайындау. Тыңдау-



"...33-қадам. Бас бостандығынан айыру орнынан босаған және сынақтан өту қызметіне тіркелген азаматтарды әлеуметтік оңалтудың тиімді жүйесін қалыпқа келтіру. Осындай азаматтар үшін АРНАУЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТ СТАНДАРТТАРЫН ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ОҢАЛТУДЫҢ КЕШЕНДІ СТРАТЕГИЯСЫН жасау."
(ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың "100 нақты қадам" Ұлт Жоспарынан).

ген мақсаттарға қол жеткізу үшін, ең алдымен, білікті маман керек. Білікті маманды дайындау халықаралық сарапшылардың көмегімен іске асырылуы тиіс. Оны жүзеге асырушы – оқытушы. Курс ұйымдастыру арқылы өзімізге қажетті халықаралық тәжірибені алып, қызметкерлеріміздің санасына сіңіреміз, – деді ҚР ІІМ Ш.Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының бастығы Мирлан Қызылов.

Курсты өткізу үшін жобаның жетекшісі Уильям Ирвайн, халықаралық сарапшылар Том Паттерсон мен Бен Зенгеринг Қоста-

біздің елімізде бас прокуратура қызметкерлері мен жоғары сот судьяларына арнап ұйымдастырылды.

– Қостанай қаласына келгеніме, академияның ұжымымен кездескеніме қуаныштымын. Мұнда бес-алты рет келгенім бар. Курс барысында қызметкерлермен бірге әріптестік қарым-қатынаста жұмыс істейтін боламыз. Бұл курс академиямен бірлесе жасаған стратегияның бір бөлігі. Тренинг соңында сіздер алған білімдеріңізді тәжірибе жүзінде қолдана аласыздар, – деді халықаралық сарапшы Том Паттерсон.



найға арнайы келді. Шетелдік мамандар академия ұжымымен кездесіп, тренингтің мақсат-міндеттерін түсіндірді. Жоба ұйымдастырушылары мұндай тренингтерді әлемнің 23 елінде өткізген. Ал

Еуропалық Кеңес жобасы бойынша академияда пробация қызметін жетілдірудің біріккен орталығын құру жоспарланған.

СУРЕТТЕРДЕ: шетелдік мамандармен кездесу.



ген бас бостандығынан айрылған адамдарды оңалту, пробация қызметін жетілдіруге байланысты өтіп жатыр. Еуропалық Кеңес жобасының аясында біздің академияда ҚР ІІМ қылмыстық-атқару жүйесі пробация қызметін жетілдіру орталығын құру мәселесі пысықталды. Бас бостандығынан айрылған адамдарды оңалтуға байланысты заңда белгілен-

● АРДАГЕРЛЕР – АБЗАЛ ЖАНДАР



шөберелері ата-әжесінің ауылына жиі барып тұрады.

"Балам — балым, баламның баласы — жаным" деп немересін еркелететін ата-әже емес пе. Қос қария екінші ұлдары Ғалымжаннан туған немересі Балдырғанды бауырына салған болатын.

— Үш жасымнан ата-әжемнің тәрбиесінде болдым. Екеуінің сыйластықтары

Қызбелден шыққан қарт шопан

Жас кезінде отар-отар қой бағып, дала төсінде түлеген жандардың бірі — Қабжан Атымтаев. Бұл күндері 85 жасқа келген ақсақал атакәсіптің арқасында балашағасын жеткізді. "Малдың жайын баққан білер" деген бар емес пе. Қызбелден шыққан шопан, қой шаруашылығының қыр-сырын жақсы біледі. Өзі баққан қойдың санын да әлі күнге жатқа айтады.

Қымбат ДОСЖАНОВА

Көзін тапсаң кәсіп көп. Кәсіпті меңгеруге талап керек. Талап пен еңбек егіз ұғымдай. Бірін-бірі толықтыра келе, адамның абыройын асқақтата түседі. Бұл ойымызды Қабжан қарияның өмірдегі, жүрген жолы қуаттай түседі.

Қабжан Атымтаев 1932 жылы Сарықопа деген жерде туған. Алты жасында Қаратал бастауыш мектебіне оқуға барады. Бала шәкіртті білікті ұстаз Ғазез Әмірханов жылы шыраймен қарсы алып, оқытады. Осы жерде төрт класс оқып, Ақсуат орта мектебіне ауысады. Торғайдан 8-сыныпты бітіріп, арада біраз уақыт өткенде Қостанай ауылшаруашылық техникумына құжат тапсырады. Сол жылы Жұмакүл Алматова есімді бойжеткенге кезігіп, екеуі шаңырақ көтереді. 1956 жылы техникумды тәмамдап, отбасымен Албарбөгет совхозына барады. Оқуын жаңа бітіріп келген жас маман қой шаруашылығының өсіп-өркендеуіне үлес қосады. Таңнан қара кешке дейін қойдың соңында.

Ал үйдің отанасы Жұмакүл Алматова 1936 жылы 12 қазанда Қарабалық ауданы Еңбек колхозында туған. 1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталып кетеді. Ол кезде ел

ішінде жағдай қиын, ішкерге ас, киерге киім таппайсыз. Анасы екеуі картоп қазып, бидайдың масағын жинап күн көреді. Сөйтіп жүргенде әкесіне негізсіз жала жабылып, 1 жарым жылға сотталып кетеді. Ал анасы ауыр науқастан дүниеден өтеді. Осылайша ата-анасынан айырылып, кейін Қостанайдағы бұрынғы Жамбыл мектебін интернатта жатып оқиды. Арада шындыққа бергісіз небір оқиғалар өтті. Соның бәрін төзімділікпен жеңе білген Жұмакүл Алматова 1953 жылы Қостанайдағы ауылшаруашылық техникумына оқуға түседі.

Жұмакүл Алматова Қызбелге келін болып түскенде аз қиналған жоқ. Қалың орыстың ортасында өскендіктен қазақшасы шала болатын. Бірақ, ауыл адамдарынан үйрене жүріп, үлкен-кішінің алғысын алады.

Жастайынан еңбекке араласып, малдың соңында жүрген Қабжан атай мен Жұмакүл әжейдің отасқандарына биыл 63 жыл толып отыр. Қазіргі күні Аманқарағай кентінде кенжесі Елжан мен келіні Нұргүлдің қолында тұрып жатыр. Балаларының әрқайсысы үйлі-баранды. Өз алдарына шаңырақ көтерген. Алтын алқалы ана мен тыл ардагерінің үйі қуанышқа толы. 14 баладан тараған немере-

әлі күнге жарасып келеді. Атамның мінезі қатты болғанымен, жаны жомарт. Өз ісіне тиянақты, ұқыпты. Осы жасқа келсе де тыным таппайды. Немерелеріне "оқысаң адам, оқымасаң надан боласың" деп үнемі айтып отырады. Қолы қалт ете қалса кітап, газет-журналдарды оқиды. Бес уақыт намазын қаза қылмай, ораза ұстады. Бертін келе денсаулығы сыр берген соң намазын қойды. Бірақ, діни кітаптарды қолына алып, ораза-айт намаздарынан қалмайды. Әжем — тігінші. Қашан барсам да әжемнің тамағы дайын тұрады. Мені мектепке апарған да ата-әжем. Өріп үйреткен де сол кісілер. Әлі күнге дейін маған көмектесіп, қарайласып тұрады, — дейді немересі Балдырған.

Қабжан атайдың газет-журнал оқып, ел жаңалықтарын құр жібермейтінін балаларының бәрі жарыса айтады. Қария осыдан алты-жеті жыл бұрын "Бармысың бауырым" бағдарламасына хабарласып, Жұмакүл әжейдің нағашы жұртын іздеп тапқан болатын. Сөзіне берік, ісіне мығым атайды немерелері де мақтан тұтады.

СУРЕТТЕ: Қабжан атай мен Жұмакүл әжей немерелері Ержанмен бірге.

"Өр Торғай — ерлік мекені" экспедициясы құрылды

Биыл мерейлі мереке, Ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығы. Сондай-ақ, Торғайдағы ұлт-азаттық көтерілісіне жүз жыл.

Тәуелсіздік — біздің ең басты құндылығымыз. Жүздеген жылдарға жалғасқан табанды күрес, мыңдаған жандардың қанымен келген құнды жеңіс. Азаттық жолындағы арпалыстардың ішінде 1916 жылғы Торғайдағы ұлт-азаттық көтерілістің алар орны ерекше екені даусыз. Осынау Ұлы Дала төсін дүбірлеткен ұлы тарихи оқиғаға бір ғасыр өтсе де, оның бар шындығы айтылып, әділ бағасы берілді деу қиын. Көтеріліске қатысты еңбектер мен зерттеу жұмыстары тек Кеңес үкіметінің көзімен жазылып келді. Соның салдарынан ұлт тарихына қиянат жасалып, шындық бұрмаланды, кей жағдайда оқиғалар теріс түсіндіріліп келді. Азаттық жолында арпалысып, халық үшін басын құрбан еткен ерлердің көбі ескерусіз қалды. Көтерілісшілер мен оның көсемдерінің еңбегін ескеріп, тәуелсіз елдің шынайы тарихы тұрғысынан лайықты бағасын беру — бүгінгі ұрпақтың абыройлы міндеті. Бабалар ерлігі назардан тыс қалмауы тиіс.

Осы орайда, "Өр Торғай ерлік мекені" экспедициясы жолға шықпалы отыр. Идея бастамашы әрі ұйымдастырушысы — "Torgay expedition" тобының ынталылары. Өрине, топтың мақсаты тарихты қайта жазу, немесе жаңалық ашу емес, кешегі шайқас өткен орындарға барып тағзым ету. Кешегі елдік пен ерлік сынға түскен сындарлы сәтте, бабалардан жалғасқан



жауынгерлік рухтың қанымыздан өшпегенін дәлелдеп, ту көтерген сардарға ерген сарбаздардың көзін көрген қарттар ел ішінде әлі де баршылық. Шежіре қариялармен кездесіп, бұрыннан бар мәліметтерді жаңғыртып, тың деректер жинау жоспарда. Экспедиция құрамында ғалымдар, өлкетанушылар, қоғам белсенділері, журналистер мен блогерлер бар.

Экспедиция қыркүйек айының 11-і күні Арқалық қаласынан аттанады. Аптаға созылатын сапар барысында тарихи маңызы зор отыздан астам нысанға ат басын тірмек. Аралайтын аумақ орасан. Арқалық, Аманкелді, Жанкелдин аудандары көлеміндегі Алуа, Үрпек, Құмкешу, Байғабыл, Қабырға, Көкалат, Татыр, Тәуіш, Шеген ауылдарына соғу көзделген. Ардақты бабалардың басына құран оқып, Әбдіғалпар ханның қаны төгілген Зәуре қопасы мен Кейкі туған Байтұмаға белгі қойылмақ. Және мұның бәрі ұлтжанды азаматтардың демеушілігімен жүзеге асып отырғанын айта кету керек. Бұл да ынталы топтың Тәуелсіздікке, төл тарихымызды тануға қосқан тамшыдай үлесі.

Ұлттың ұлы перзенттерін тудырған текті Торғай тәрбие мен тағылымның қайнары, тарихтың терең көмбесі. Ұлы мекеннің танылмаған қырлары, ашылмаған сырлары жетерлік. Осы орайда, "Torgay expedition" ынталы тобы — Ұлы Даланың бір бөлшегі Торғай атырабын аралауды дәстүрге айналдырмақ ниетте.

● ЕСКЕ АЛУ

Еске алу


Осыдан тура бір жыл бұрын отбасымыздың асқар тауы, балалардың арқа сүйер бәйтерегі, немере, шөберелерінің ардақты атасы, асыл жар, абзал азамат **Жақсылық Көкімұлы** өмірден өткен еді. Тіршілікте адал еңбегімен, тура жолмен жүріп, тағдырдың дегеніне көніп, ұрпағының болашағына сеніп, елінің тыныштығын, ағайын-туыстың аман-длығын тілеген азаматтың алды — пейіш, арты — көніш, жаны жұмақта болсын деп тілейміз. Келіпті міне, өмірдің тағы бір күзі, Ағып түскелі өзіңнің жарық жұлдызың. "Орнында бар — оңалар" деген ұлы сөз, Өркенін жайып келеді, Өке, ұл-қызың. Иә, тірі адам тіршілігін жасайды. Келешектен үміт күтеді. **Еске алушы өмірлік серігі Күлшатан, балалары, немере-шөберелері, туыс-бауырлары, құда жекжаттары.**



Өмірден кеткеніне жыл толған **Жақсылық** әкемізді еске алып, алдағы сенбі, яғни, 10 қыркүйек күні, 12.00-де Аманкелді селосының "Өтей" дәмханасында ас береміз. Бұл фәниде араласып-құраласқан, көзі тірісінде сыйласқан жаны жақын жандар қол жайып, құран оқып, еске алайық.

Еске алу

Адам өмірі қамшының сабындай деген рас екен. Асқар таудай болған әкемізді, сүйеніш болған адал жар, біреуімізге бауыр **МЫРЗАБАЕВ Түгелдің** ортамыздан кеткеніне де бір жылға жуық уақыт өтті. Артында қалған ұрпақтары сағынышпен еске алады. Жатқан жері жайлы, топырағы торқалы болсын деп дұға-тілек тілейміз. Жыл өтті асқар тауымыз құлағалы, Жыл өтті анам іздеп жылағалы. Әр күніміз сағынышпен өткенімен Жүрегіміз әке деп соғады әлі. Жыл өтті, бейнеңді біз, сағындық, Алладан сұрап қайырын, жақсылығына жалындық. Алдың бейіш, артың нұр, шапағатың тисін деп, Дұға қылып өзіңе, тағдырға біз де бағындық. **Еске алушылар: жұбайы Сәуле, балалары Арман-Нұргүл, Жасұлан-Әлмира, Асқарбек-Рита, Нұрлан-Мария, Ержан, немерелері, жиендері, бал-дыздары, бабалары, құда-құдағилары.**



Туыстар мен жора-жолдастарды, таныстарды 8 қазан, сағат 12.00 "Харьков" кафесіне бір жылдық асына шақырамыз.

Қостанай облыстық мәслихатының 2016 жылғы 17 тамыздағы №64 шешімі

**Мәслихаттың 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №467
«Қостанай облысының 2016-2018 жылдарға арналған облыстық
бюджеті туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 106,108-баптарына сәйкес Қостанай облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Мәслихаттың 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 467 «Қостанай облысының 2016-2018 жылдарға арналған облыстық бюджеті туралы» шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6061 тіркелген, 2015 жылғы 26 желтоқсанда «Костанайские новости» газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«1. Қостанай облысының 2016-2018 жылдарға арналған бюджеті тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2016 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 153737632,4 мың теңге, оның ішінде: салықтық түсімдер бойынша – 6359215,0 мың теңге; салықтық емес түсімдер бойынша – 558964,6 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер бойынша – 9780,0 мың теңге;

трансферттер түсімі бойынша – 146809672,8 мың теңге;

2) шығындар – 153964529,1 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 7238355,6 мың теңге, оның ішінде:

бюджеттік кредиттер – 8314190,0 мың теңге; бюджеттік кредиттерді өтеу – 1075834,4 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 277920,0 мың теңге, оның ішінде:

қаржы активтерін сатып алу – 277920,0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -7743172,0 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 7743172,0 мың теңге.»;

көрсетілген шешімнің 1, 2-қосымшалары осы шешімнің 1, 2 - қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

**Сессия төрайымы Д.Қосмұхамбетова
Қостанай облыстық мәслихатының
хатшысы С.Ещанов**

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне 2016 жылғы 19 тамыздағы №6586 болып енгізілді.

Мәслихаттың
2016 жылғы 17 тамыздағы №64
шешіміне 1 - қосымша

Мәслихаттың
2015 жылғы 11 желтоқсандағы №467
шешіміне 1 - қосымша

Қостанай облысының 2016 жылға арналған облыстық бюджеті

Санаты				Сомасы, мың теңге
Сыныбы				
Ішкі сыныбы				
Атауы				
			I. Кірістер	153 737 632,4
1			Салықтық түсімдер	6 359 215,0
	01		Табыс салығы	747 957,0
		2	Жеке табыс салығы	747 957,0
	03		Өлеуметтік салық	588 030,0
		1	Өлеуметтік салық	588 030,0
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	5 023 228,0
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	5 022 075,0
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	1 153,0
2			Салықтық емес түсімдер	558 964,6
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	91 464,6
		1	Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері	26 329,0
		3	Мемлекет меншігіндегі акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивидендтер	11 957,0
		4	Мемлекет меншігінде тұрған, заңды тұлғалардағы қатысу үлесіне кірістер	1 270,0
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлкті жалға беруден түсетін кірістер	44 569,0
		6	Бюджет қаражатын банк шоттарына орналастырғаны үшін сыйақылар	1 144,0
		7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	6 195,6
	02		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер	3 120,0
		1	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер	3 120,0
	03		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	55,0
		1	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	55,0
	04		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	276 794,0
		1	Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	276 794,0
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	187 531,0
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	187 531,0
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	9 780,0
	01		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлкті сату	9 780,0
		1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлкті сату	9 780,0
4			Трансферттердің түсімдері	146 809 672,8
	01		Төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан трансферттер	23 784 618,8
		2	Аудандық (қалалық) бюджеттерден трансферттер	23 784 618,8
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	123 025 054,0
		1	Республикалық бюджеттен түсетін трансферттер	123 025 054,0

Функционалдық топ				Сомасы, мың теңге
Кіші функция				
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі				
Бағдарлама				
Атауы				
			II. Шығындар	153 964 529,1
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	4 373 948,9
	1		Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	1 213 646,1
		110	Облыс мәслихатының аппараты	56 151,1
		001	Облыс мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	55 051,1
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 100,0
		120	Облыс әкімінің аппараты	909 875,3
		001	Облыс әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	678 933,9
		004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	135 043,4
		009	Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдерін сайлауды қамтамасыз ету және өткізу	17 259,0
		013	Облыс Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін қамтамасыз ету	78 639,0
		282	Облыстың тексеру комиссиясы	247 619,7
		001	Облыстың тексеру комиссиясының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	230 666,2
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	16 953,5
2			Қаржылық қызмет	2 938 951,2
		257	Облыстың қаржы басқармасы	2 904 963,1
		001	Жергілікті бюджетті атқару және коммуналдық меншікті басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	165 904,9
		009	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	4 872,0
		013	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	2 463,2
		113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысалы трансферттер	2 731 723,0
		718	Облыстың мемлекеттік сатып алу басқармасы	33 988,1
		001	Жергілікті деңгейде мемлекеттік сатып алуды басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	31 671,1

			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	2 317,0
	5			Жоспарлау және статистикалық қызмет	164 096,5
		258		Облыстың экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы	164 096,5
			001	Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру мен дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	154 896,5
			005	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	4 200,0
			061	Бюджеттік инвестициялар және мемлекеттік-жекешелік әріптестік, оның ішінде концессия мәселелері жөніндегі құжаттаманы сараптау және бағалау	5 000,0
	9			Жалпы сипаттағы өзге де мемлекеттік қызметтер	57 255,1
		269		Облыстың дін істері басқармасы	57 255,1
			001	Жергілікті деңгейде дін істер саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	21 891,1
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 100,0
			005	Өңірде діни ахуалды зерделеу және талдау	34 264,0
02				Қорғаныс	147 168,1
	1			Әскери мұқтаждар	83 584,0
		120		Облыс әкімінің аппараты	83 584,0
			010	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	46 185,0
			011	Аумақтық қорғанысты даярлау және облыс аумағындағы аумақтық қорғаныс	37 399,0
	2			Төтенше жағдайлар жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру	63 584,1
		287		Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, азаматтық қорғаныс саласындағы уәкілетті органдардың аумақтық органы	63 584,1
			002	Аумақтық органның және ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелерінің күрделі шығыстары	39 130,7
			004	Облыс аумағындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	16 453,4
			113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	8 000,0
03				Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	6 092 593,1
	1			Құқық қорғау қызметі	6 061 755,1
		252		Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы ішкі істер органы	6 061 755,1
			001	Облыс аумағында қоғамдық тәртіпті және қауіпсіздікті сақтауды қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	5 455 126,3
			003	Қоғамдық тәртіпті қорғауға қатысатын азаматтарды көтермелеу	4 632,0
			006	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	439 946,8
			013	Белгілі тұратын жері және құжаттары жоқ адамдарды орналастыру қызметтері	63 755,0
			014	Әкімшілік тәртіппен тұтқындалған адамдарды ұстауды ұйымдастыру	51 876,0
			015	Қызметтік жануарларды ұстауды ұйымдастыру	42 519,0
			024	Дағдарыстық жағдай қаупі төнген және туындаған кезде іс-қимылдар бойынша оқу-жаттығу жүргізу	3 900,0
	9			Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік саласындағы басқа да қызметтер	30 838,0
		120		Облыс әкімінің аппараты	30 838,0
			015	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімдерінің штат санын ұстауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	30 838,0
04				Білім беру	15 537 300,4
	1			Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	4 621 233,0
		261		Облыстың білім басқармасы	3 954 536,0
			027	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырыстарын іске асыруға аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	3 954 536,0
			271	Облыстың құрылыс басқармасы	666 697,0
			007	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне мектепке дейінгі тәрбие және оқыту объектілерін салуға және реконструкциялауға берілетін нысаналы даму трансферттер	666 697,0
	2			Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру	2 560 661,4
		261		Облыстың білім басқармасы	1 904 055,6
			003	Арнайы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша жалпы білім беру	1 384 454,9
			006	Мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балаларға жалпы білім беру	519 600,7
			271	Облыстың құрылыс басқармасы	133 728,0
			079	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салуға және реконструкциялауға берілетін нысаналы даму трансферттері	133 728,0
			285	Облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасы	522 877,8
			006	Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	522 877,8
4				Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру	7 284 057,3
		253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	288 892,2
			043	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау	288 892,2
		261		Облыстың білім басқармасы	6 995 165,1
			024	Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында мамандар даярлау	6 995 165,1
	5			Мамандарды қайта даярлау және біліктіліктерін арттыру	2 000,0
		253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	2 000,0
			003	Кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау	2 000,0
	9			Білім беру саласындағы өзге де қызметтер	1 069 348,7
		261		Облыстың білім басқармасы	1 069 348,7
			001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	129 931,0
			004	Облыстық мемлекеттік білім беру мекемелерінде білім беру жүйесін ақпараттандыру	26 136,6
			005	Облыстық мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	9 904,0
			007	Облыстық аумақта мектеп олимпиадаларын, мектептен тыс іс-шараларды және конкурстар өткізу	242 344,0
			011	Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету	69 972,1
			029	Әдістемелік жұмыс	34 846,6
			067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	52 052,5
05			113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	504 161,9
				Денсаулық сақтау	30 331 063,2
	2			Халықтың денсаулығын қорғау	1 450 793,1
		253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	1 376 434,4
			005	Жергілікті денсаулық сақтау ұйымдары үшін қанды, оның құрамадауыштары мен препараттарын өндіру	849 522,6
			006	Ана мен баланы қорғау бойынша қызмет көрсету	390 365,2
			007	Салауатты өмір салтын насихаттау	136 546,6
		271		Облыстың құрылыс басқармасы	74 358,7
			038	Денсаулық сақтау объектілерін салу және реконструкциялау	74 358,7
	3			Мамандандырылған медициналық көмек	10 805 227,6
		253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	10 805 227,6
			009	Туберкулез, жұқпалы аурулар, психикалық күйзеліс және мінез-құлқының бұзылуынан, оның ішінде психикаға белсенді әсер ететін заттарды қолдануға байланысты, зардап шегетін адамдарға медициналық көмек көрсету	4 393 726,6
			019	Туберкулезбен ауыратын науқастарды туберкулезге қарсы препараттармен қамтамасыз ету	480 419,0
			020	Диабетпен ауыратын науқастарды диабетке қарсы препараттармен қамтамасыз ету	916 917,0
			021	Онкогематологиялық науқастарды химия препараттарымен қамтамасыз ету	287 755,0
			022	Созылмалы бүйрек функциясының жетіспеушілігі бар, аутоиммунды, орфандық аурулармен ауыратын, иммунитеті жеткіліксіз науқастарды, сондай-ақ ағзаларды транспланттаудан кейінгі науқастарды дәрілік заттармен қамтамасыз ету	611 596,0

Қостанай таңы

7 қыркүйек 2016 жыл

7

		026	Гемофилиямен ауыратын науқастарды қанды ұйыту факторларымен қамтамасыз ету	523 544,0
		027	Халыққа иммундық профилактика жүргізу үшін вакциналарды және басқа медициналық иммундық биологиялық препараттарды орталықтандырылған сатып алу және сақтау	1 180 485,0
		036	Жіті миокард инфаркті бар науқастарды тромболитикалық препараттармен қамтамасыз ету	39 822,0
